

Б. С. ТЕЛЕМСОВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ;

М. Б. ЫСҚАҚОВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҒЗИ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АҒА ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ

Жол-көлік қылмысы фактілері бойынша молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындау барысындағы кейбір криминалистикалық ерекшеліктер

Аннотация. Мақалада жол-көлік қылмыстары бойынша молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындау кезінде қажетті ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: жол-көлік қылмысы, қылмыстық-процестік заңнама, молекулярлық-генетикалық сараптама, сот сарапшысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 24 тамызындағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасында мемлекетіміздің қылмыспен күресу саясатының тиімділігі — оңтайлы қылмыстық сот ісін жүргізу моделінсіз мүмкін болмайтындығы белгіленген¹.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес, көлік қылмыстары бойынша жауапкершілік арта түскен, әсіресе осындай қылмыстарды мас күйде жасағандығы үшін жауапкершілік деңгейі түбегейлі түрде өзгерді. Қылмыстық-процестік заңнамадағы өзгерістер жол-көлік оқиғалары қылмыстарын тергеудің тактикасы мен әдістемесін әрі қарай жетілдіре түсуді, заманауи ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды жасауды талап етеді.

Жол-көлік оқиғалары салдарынан келтірілетін көптеген адам өлімі факторлары кез келген мемлекет үшін ұлттық апат болып табылады. Қазақстандағы жол қозғалысы қатысушыларының өздерін дұрыс және тиісті түрде ұстауы өте төмен деңгейде қалуда, яғни жыл сайын мұндай жағдайлар кері зардаптарға — жол бойында көптеген адамдардың өлімінің орын алуына әкеп соқтырып отыр. Ауыр зардаптарға әкеп соқтыратын көлік апаттары қоғамда көпшіліктің назарын аударып, едәуір алаңдатушылық туғызып, құқық қорғау органдары мен билік өкілдерінің шұғыл әрекет етуін талап етуде. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2014 жылы Қазақстанда 21373 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 2464 адам қаза тауып, 26122 жуық адамға әртүрлі дәрежедегі дене жарақаттары келтірілген².

Жол-көлік оқиғасы (келесіде — ЖКО) — көлік құралының жол бойында жүрісі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, ғимараттар, жүк бүлінген не өзге де материалдық залал келтірген оқиға. Адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа, ауыр зиян келтіруге; бір адамның, екі немесе одан көп адамның өліміне әкеп соққан бұзуы қолданыстағы заң бойынша белгілі бір қылмыстың құрамын құрайды (ҚР ҚК-нің 345-бабы).

Жол-көлік оқиғалары фактілері бойынша қылмыстарды тергеу — тергеу саласының қызметкерлерінен жоғары кәсібилікті талап етеді. Яғни криминалистика, сот медицинасы, юриспруденция, жол жүрісін ұйымдастыру саласында, сондай-ақ басқа да ғылым және техника саласындағы білімдер қажет. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай — анықтаушылар мен тергеушілер барлық уақытта осындай білімдерді меңгере бермейді, оқиға болған жерді қарап-тексерудің, тергеу эксперименті мен басқа да тергеу әрекеттерінің әдістемесін біле бермейді. Осы санаттағы қылмыстық істерді зерделеу барысында кейбір тергеушілердің ОБЖҚТ кезінде анықталған іздер мен басқа да объектілерді дұрыс бекіте

алмайтындықтары, сараптама тағайындауға қажетті материалдарды жинақтау және дайындау кезінде қандай да бір қателіктерге жол беретіндіктері айқындалып отыр³.

ЖКО жөніндегі істер бойынша тағайындалатын сараптамалар — әрбір нақты жағдайда қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайларды және алдын ала тергеу жүргізу барысында пайда болатын сұрақтарды шешу үшін қажетті арнайы көрсетулердің (жауаптардың) сипатын ескере отырып анықталады. Тұлғаға қарсы ауыр қылмыстарды тергеу барысы секілді соңғы уақытта жол-көлік қылмыстарын тергеуде молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындау қажеттілігі жиі кездесуде. Негізінен алғанда, тұлғаларды генетикалық идентификациялаудың қажеттілігі — көлік құралдарының соқтығысуы және өртенуі нәтижесінде, зерттеу объектісі болып күйген немесе жанып кеткен тануға келмейтін мәйіт табылатын, танылмаған адам сүйектерін, көлік құралы салонынан табылған адам сүйектерінің қалдықтарын анықтау кезінде пайда болады.

Тергеу тәжірибесінен мысал келтіретін болсақ: 2010 жылдың 13 қазанында Қарағанды облысындағы «Алматы-Екатеринбург» автожолында ірі жол-көлік оқиғасы орын алған. Яғни, А. деген жүргізуші Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылынан Қарағанды қаласына қарай бағытта рейстік автобусты басқарып келе жатып, Шопа кентінің маңында басып озу маневрін жасай отырып, қарсы бағыттағы жолға шығып кетіп, қарсы келе жатқан К. деген жүргізушінің басқаруындағы «Камаз» маркалы автокөлікпен соқтығысқан. Осы ЖКО нәтижесінде автобустың жүргізушісі мен «Камаз» автокөлігінің жүргізушісі оқиға болған жерде қайтыс болған. Ішінде 18 жолаушысы болған өртенген автобустың салонынан, жүргізушімен бірге, жанып кеткен 10 жолаушының сүйек қалдықтары шығарылды, ал 8 жолаушы сыртқа шығып үлгерген. Жолаушылардың барлығы Өзбекстан Республикасының азаматтары болып табылады және олар Ресей Федерациясына табыс табуға бара жатқан. Қатты жанып кету себебінен мәйіттерді тануға мүмкін болмады. Қайтыс болғандардың артынан іздеп келген туыстары жанып кеткен мәйіт сүйектерін тану мүмкін болмағандықтан, идентификация жүргізу арқылы өз туыстарының жеке басын анықтап беруді талап етіп, қарсы жағдайда мәйітті өз еліне алып кетуден бас тартатындықтарын айтты⁴.

Қылмыстық іс бойынша қайтыс болған тұлғаларға идентификация жүргізу үшін молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындалды. Зерттеуге қайтыс болған тұлғалардың жақын туыстарының қан үлгілері мен мәйіттердің сүйек қалдықтары ұсынылды. Алайда, Астана қаласының сот сараптамасы сарапшысынан қосымша мағлұматтар, яғни тікелей (вертикалды) сала бойынша туыстық қатынасты анықтау мақсатында қайтыс болғандардың биологиялық ата-аналарының немесе балаларының құрғақ қан үлгілерін тапсыру туралы ұсынысы келіп түсті, себебі алдында зерттеуге ұсынылған мәйіттердің аға-інілері мен апа-қарындастарының қан үлгілері бойынша тікелей саламен қанға сәйкес туыстықты нақты анықтау мүмкін болмады. Сарапшының осы ұсынысы қанағаттандырылып, Өзбекстандық полиция қызметкерлері қажетті қан үлгілерін алып, оларды поезд жолсеріктері арқылы Қарағанды қаласына жолдады. Жүргізілген молекулярлық-генетикалық сараптама нәтижесі бойынша қайтыс болған тұлғалардың туыстары оқиға болған уақыттан тек үш ай өткеннен кейін ғана жерлеу үшін мәйіт қалдықтарын алып кеткен және осы жағдайлардың барлығы жәбірленушілер тарапынан негізделген шағымдардың келіп түсуіне әкеп соқтырған. Қазіргі уақытта молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындауға дайындалу, оны тағайындау және жүргізу бойынша тактикалық ұсыныстардың жетіспеушілігі елеулі мәселе ретінде қалып отыр. Молекулярлық-генетикалық сараптама жүргізу және оның қорытындыларын қазіргі жағдайларда қолданудың белгілі бір қиындықтар тудыратыны ретінде осы сараптаманың Қазақстанда барлық жерде емес, тек үш қалада, яғни: Астана, Алматы және Қарағанды қалаларында ғана жүргізілетіндігін атап өтуге болады. Бұл өз кезегінде сот сараптамасының сарапшыларына үлкен жүктеме тудырып, зерттеу мерзімінің ұзақ уақытқа созылуына әкеп соқтырады.

Молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындау кезінде сараптама тағайындау туралы қаулымен қоса келесілер де ұсынылуы тиіс: оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының көшірмесі; мәйітті сот-медициналық зерттеуден өткізу немесе тірі адамды куәландыру

қорытындысының көшірмесі; сот-медициналық биологиялық зерттеу қорытындысының көшірмесі; биологиялық материалдардың үлгілерін алу хаттамаларының көшірмелері. Шығу тегі биологиялық іздермен жұмыс жасау тиісті ережелерді сақтауды талап етеді. Яғни шығу тегі биологиялық заттай дәлелдемелерді алуды стерилденген қысқыштар мен скальпельдерді қолдану арқылы стерильдік резеңке қолғаптардың көмегімен жүргізген жөн. Әрбір объектіні алу үшін жеке аспаптарды қолданады. Алынған объектілерді күн сәулесінің тікелей түсуінен сақтау арқылы бөлме температурасында кептіру қажет. Таза қағаз пакетке салынған шығу тегі биологиялық заттай дәлелдеме мөрленіп, буып-түйіліп, буманың бетіне түсіндірмелік жазба, яғни: заттай дәлелдеменің атауы, оны алудың датасы мен орыны жазып көрсетіледі. Осы мәліметтер тергеушінің, маманның қолдарымен, қажет болған жағдайларда фото-бейне техникалық құралдармен бекітіледі⁵. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін биологиялық материал үлгілері ретінде күдікті тұлғаның немесе жәбірленушінің ДНК бар кез келген биологиялық мата бола алады. Көбінесе осы мақсатта қан үлгілері қолданылады. Қан үлгілерін саусақтан немесе шынтактағы венадан 5 мл. кем емес мөлшерде арнайы пробиркаға алады. Аталмыш пробирка ішіндегі қанмен бірге зерттеу жүргізу үшін лабораторияға алған уақыттан бастап бес тәуліктен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін сұйық қан үлгісін алу мүмкін болмаған жағдайда дәкеден жасалған анжыда (тампонда) кептірілген қан ұсынылады. Биологиялық іздер бар заттарды іздердің өзара алмасуын болдырмау мақсатында жеке-жеке бумаларға буып-түйеді⁶. Осы аталған ұсыныстарды орындамау — биологиялық іздерді алу, буып-түю және тасымалдау барысында олардың локализациясын бұзуы және бұл өз кезегінде сараптама нәтижелерінің шынайылығына күмән туғызуы мүмкін.

Көп жағдайларда, ЖКО фактілері жөніндегі қылмыстық істер, қылмыстың құрамы толық және айқын бола тұра, тергеу жүргізу барысында жіберілген және орны қайта толтырылмас кемшіліктер мен қателіктердің салдарынан өзінің негізделген және заңды шешімін таба бермейді. Сондықтан да тәжірибелік кеңестер, ұсыныстар мен кейбір жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикалық ерекшеліктері тәжірибелік қызметкерлерге істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу тұрғысындағы заң талаптарын жүзеге асыру бойынша тиісті көмек көрсете алады.

Резюме

В статье даны предложения по назначению молекулярно-генетической экспертизы по дорожно-транспортным преступлениям.

resume

In the real article suggestions are given at setting of molecular-genetic examination on road and transportation crimes.

-
- ¹ Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 24 тамызындағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы // www.zakon.kz.
 - ² 01.04.2015 ж. шаққандағы БП құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінің баспасөз қызметі. <http://service.pravstat.kz/portal>.
 - ³ Домке Э. Р. Расследование и экспертиза дорожно-транспортных происшествий. — Пенза, 2005. — С. 27.
 - ⁴ № 10351003100114 қылмыстық іс, 2010. // Қарағанды облысының прокуратурасы жанындағы ҚСЖАО мұрағаты.
 - ⁵ Гунарев С. А. Тактические и правовые основы использования судебно-генетической экспертизы при расследовании и судебном рассмотрении дел об убийствах и изнасилованиях: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — СПб., 2001. — С. 37.
 - ⁶ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығында сот сараптамалары мен арнайы зерттеулер жүргізу жөніндегі Нұсқаулық (т 24.10.2002 № 158). — Алматы, 2003.